



Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының «ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ҚАН ОРТАЛЫҒЫ» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны		Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ЦЕНТР КРОВИ» управления здравоохранения Восточно-Казахстанской области		
Күні		Қолы		
ШҚОҚО директорының 24.05.2024 ж. №77-Ө бұйрығымен бекітілген				
Келісілді	ДҚЖІБҚ басшысы	Матаева Г.У.	24.05.2024	
Әзірледі	Комплеанс офицері	Дюсупова Г.Г.	24.05.24	

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт

Copyright © Бақыланатын құжат

Бұл құжатты «Шығыс Қазақстан облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК басшылығының келісімінсіз көшіруге және/немесе таратуға қатаң тыйым салынады!

1. «Шығыс Қазақстан облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК (бұдан әрі-ШҚОҚО) қызметкерлерінің мінез - құлық (іс-қимыл) қағидалары.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартқа қатысты салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

- 1.1. Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын ұстануы және оны жүйелі іске асыру;
- 1.2. жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз етуі;
- 1.3. қоғам мен мемлекеттің игілігі үшін жұмыс істеуі, өздерінің іс-әрекеттерімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуы;
- 1.4. басқа квазимемлекеттік сәтәрлардың, ұйымдар мен мемлекеттік органдардың қызметіне заңсыз араласуды жүзеге асырмауы;
- 1.5. мемлекеттік қызметтер тұтынушысы ретінде халықтың сұрау салуларын негізге ала отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі шараларды ұдайы негізде қабылдауы;

2. Өз күзіреті шегінде басқарушылық және басқа да шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

- 2.1 рулық, жерлестік және жеке сенімділік белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету;
- 2.2. қарамағындағы қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты айқындау;
- 2.3. қарамағындағы қызметкерлердің арасында еңбек жүктемелерін тең бөлмеуге жол бермеу;
- 2.4. олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділеттілік пен объективтілік таныту;
- 2.5. нақты орындалмайтын немесе олардың міндеттерін қірмейтін, сондай-ақ заңнамаға қарама-қайшы келетін өкімдер бермеу;
- 2.6. қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағыларының қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;
- 2.7. қарамағындағы қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;
- 2.8. қарамағындағы және басқа да қызметкерлердің тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеу және жолын кесу;
- 2.9. қызығушылықтар жанжалын реттеу жөніндегі жан-жақты шараларды уақтылы қабылдау;
- 2.10. қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке және пайдакүнемдік қызығушылықтарды басшылыққа алмауы;
- 2.11. қызметтік өкілеттіктерді орындаумен байланысты сыйлықтар алмауы;
- 2.12. мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен басымдықтарды алу мақсатында таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауы;
- 2.13. егер жақын туысқандық қарым-қатынастардағы адамдар (әке-шешелері, жұбайлары, аға-інілері, апа-сінділері, балалары, немере жиендері, ағалары, әпкелері, әжелері, аталары, жұбайларының жақын туыстары) тікелей қарамағында немесе бақылауында болса, оларды лауазымға тағайындаудан бас тартуы;
- 2.14. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік танытуы;
- 2.15. сыбайлас жемқорлықтың белгілі болған фактілер бойынша басшылыққа дереу баяндауы;

2.16. егер тікелей басшысының өзі мүдделер жанжалына тартылған болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгінуі;

2.17. жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ұстануы және әріптестерінен талап етуі.

3. Нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:

3.1. заңдылық қағидаттарын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтауы;

3.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес құқықтық және нормативтік актілерді қабылдау кезінде дискрециялық нормаларды, екі мағыналылықты, нақтыланбаған тұжырымдамалардың болуына жол бермеу, қолданыстағы заңнамада жеке басы мен (немесе) ұжымдық мүдделердегі қайшылықтар мен кемшіліктерді болдырмауы.

4. Басқа да шектеулер мен тиым салулар:

4.1. ШҚОҚО қызметкерлерінің өз қызметтік іс-әрекетінде адам, оның құқығы мен бостандығы жоғары құндылық болып табылатындығы, әр азамат жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы барлығы көрсетілген конституциялық ережеге сүйенуі тиіс;

4.2. ШҚОҚО қызметкерлерінің жүріс-тұрысы өзімшілдік, дөрекілік, адамға тіл тигізу, қорқытуға жол бермейтін құрметсіз қарым-қатынасымен байланысты емес ұстамды болуы қажет;

4.3 ШҚОҚО қызметкерлерінің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде қызмет шарттары мен қызметтік іс-шараларының нысанына қарай мемлекеттік органға азаматтардың құрметпен қарауына ықпал етуге, ресмилік, ұстамдылық, дәстүрлік, ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуы тиіс.

Сілтемелер:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-VҚРЗ Заңы (2024 жылғы 19 сәуірдегі жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен).

Таныстырылды:

№ р/с	ТАӘ	Лауазымы	Күні	Қолы